

Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін және Оларды міндетті мемлекеттік лицензиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қаңтардағы N 19 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.27. N 543 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі және " Қоршаған ортаны қорғау туралы " 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесі;
- 2) Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін міндетті мемлекеттік лицензиялау ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне , лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесінде:

3-бағандағы "Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі" деген реттік нөмірі 43-жол мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері";
көрсетілген қаулымен бекітілген Санитарлық, экологиялық және тау-кен техникалық қадағалау органдарының, сондай-ақ мемэнергияқадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізбесінде:

"Санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізбесі" деген I бөлім мынадай мазмұндағы 27-тармақпен толықтырылсын:

"27. Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері";

"Тау-кен техникалық қадағалау қорытындысы қажет, лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізбесі" деген III бөлім мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері (мұнай операциялары мен минералдық шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыру бөлігінде) "

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 8 қаңтардағы

№ 19 қаулысымен

бекітілген

Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің ТІЗБЕСІ

Жер пайдалану

1. Улы, радиоактивті және басқа да қауіпті зиянды ластанған жерлерді қайта өңдеу.

Су ресурстарын пайдалану

2. Су объектілерінің ластануы мен қоқысталуына әкеп соғатын ықтимал қауіпті химиялық әрі биологиялық заттарды және радиоактивті материалдарды өндірістік мақсатта пайдаланатын су жинау алаңдарында кәсіпорындар мен құрылыстар салу әрі орналастыру.

3. (3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. № 340 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)

Мұнай операцияларын жүзеге асыру және техногендік минералдық құралымдарды пайдалану

Ескерту. Тарау және 4,5,6-тармақтар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. № 340 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Атмосфералық ауаға, Жердің климаты мен озон қабатына әсер ету

7. 1-2 қауіптілік сыныбындағы зиянды (ластаушы) заттардың атмосфераға шығарындыларымен бірге жүретін өндірістік процестерді жүзеге асыру.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. № 340 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

8. Құрамында озон қабатын бүлдіретін заттарды пайдаланып жұмыстар жүргізу, сондай-ақ құрамында озон қабатын бүлдіретін заттар бар жабдықтарды жөндеу, монтаждау, оларға қызмет көрсету.

9. Экологиялық талаптар мен нормативтерді сақтай отырып, Қазақстан

Республикасының Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясы және Озон қабатын бүлдіретін заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты озон қабатын бүлдіретін заттар мен құрамында сондай заттар бар өнімдерді Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету.

Өндіріс қалдықтарын өңдеу, сақтау және жою

10. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды жоюды бақылау туралы Базель конвенциясы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындаумен байланысты 1-3 қауіптілік сыныбындағы қауіпті өндіріс қалдықтарын өртеу, химиялық өңдеу, сақтау және көму, трансшекаралық т а с ы м а л д а у .

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

10-1. Қоршаған ортаға Зиянды әсерін тигізетін техногендік минералдық құ р а л ы м д а р д ы с а қ т а у .

Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Шаруашылық қызметтің басқа да экологиялық қауіпті түрлері

11. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақ шегіндегі кәсіпорындарды, құрылыстарды орналастыру, салу және қайта жанарту және өзге де объектілерді пайдалану.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

12. Қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізетін химиялық және биологиялық з а т т а р д ы ө н д і р у .

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 8 қ а ң т а р д а ғы

N 1 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін міндетті мемлекеттік лицензиялау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін міндетті мемлекеттік лицензиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі және " Қоршаған ортаны қорғау туралы " 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңдарына сәйкес

әзірленді, шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру құқығына заңды және жеке тұлғаларға лицензиялар берудің тәртібі мен ш а р т т а р ы н а й қ ы н д а й д ы .

2. Олар белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына лицензия беріледі.

Егер заңнамалық кесімдерде өзгеше көзделмесе, шетелдік заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына белгіленген сондай шарттармен әрі сондай тәртіппен л и ц е н з и я а л а д ы .

3. Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензия басты болып табылады әрі иеліктен айырылмайды.

Лицензия мерзімі белгіленбей беріледі және оның күші Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына қолданылады.

Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясы мен Озон қабатын бүлдіретін заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындауға байланысты озон қабатын бүлдіретін заттар мен олардың құрамындағы өнімдерді Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге біржолғы лицензия беріледі.

2. Уытты, радиоактивті және басқа да қауіпті зиянды заттармен ластанған жерлерді техникалық қайта құнарландыруды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 2-тарау жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.05.18. N 423 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

Б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы :

1) тиісті жоғары білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс стажы немесе тиісті орта арнаулы білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар инженер-техник қызметкерлердің - жауапты о р ы н д а у ш ы л а р д ы ң ;

2) жұмыстардың түрлеріне байланысты:

біліктілік талаптарында көрсетілген жұмыстардың түрлері бойынша өлшемдер жүргізу құқығына техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган тіркеген не белгіленген тәртіппен тіркелген зертханаларда (орталықтарда) өлшемдер жүргізу құқығына шарты бар зертханалармен (орталықтармен):

техникаға қызмет көрсететін қажетті паркпен, сондай-ақ оны ұстауға және сақтауға арналған өндіріс алаңдарымен;

белгіленген тәртіппен тексерілген жұмыстарды жүзеге асырудың сапасын бақылауға арналған аспаптармен және жабдықпен;

қолданыстағы нормалар мен ережелерде белгіленгендерден төмен емес радиациялық қауіпсіздік деңгейіне қол жеткізуді және оны ұстап тұруды қамтамасыз ететін технологиялармен, ұйымдастыру және техникалық шаралармен;

мәлімделіп отырған қызметті жүргізу қауіпсіздігіне кепілдік беретін инженерлік-техникалық қамтамасыз етумен (өндірістік кешендер, технологиялық учаскелер, қондырғылар, қалдықтар мен материалдарды орналастыру пункттері, мәлімделіп отырған қызмет жүзеге асырылуы мүмкін басқа да объектілер);

жұмыстардың сұратылған түрлері бойынша нормативтердің, нормативтік-анықтамалық және техникалық құжаттаманың жиынтығымен, қауіпті зиянды заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалармен, үй-жайлармен және сыйымдылықтармен жарақталған тиісті материалдық-техникалық және өндірістік базаның;

3) денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қызметтердің;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органымен (бұдан әрі - аумақтық орган) келісілген өндірістік мониторинг бағдарламасының;

5) санитарлық-эпидемиологиялық, тау-кен техникалық қадағалау мемлекеттік органдары мен өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын аумақтық орган қорытындыларының;

6) аумақтық органмен келісілген табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының;

7) уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаның ластануына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруы мүмкін аварияларды жою жоспарларының;

8) қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындыларының;

9) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің болуын қамтиды.

2-1. Су объектілерінің ластануына әкеп соқтыратын ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттар мен радиоактивті материалдарды өндірістік мақсаттарда пайдаланатын кәсіпорындар мен құрылыстардың су жинау алаңдарында салуды және орналастыруды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.05.18. N 423 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

Біліктілік талаптары:

1) тиісті жоғары білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс

стажы немесе тиісті орта арнаулы білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар инженер-техник қызметкерлердің - жауапты орындаушылардың ;

2) жұмыстардың түрлеріне байланысты:

біліктілік талаптарында көрсетілген жұмыстардың түрлері бойынша өлшемдер жүргізу құқығына техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган тіркеген не белгіленген тәртіппен тіркелген зертханаларда (орталықтарда) сынақтар жүргізу құқығына шарты бар зертханалармен (орталықтармен);

техникаға қызмет көрсететін қажетті паркпен, сондай-ақ оны ұстауға және сақтауға арналған өндіріс алаңдармен;

белгіленген тәртіппен тексерілген жұмыстарды жүзеге асырудың сапасын бақылауға арналған аспаптармен және жабдықпен;

қолданыстағы нормалар мен ережелерде белгіленгендерден төмен емес қауіпсіздік деңгейіне қол жеткізуді және оны ұстап тұруды қамтамасыз ететін технологиялармен, ұйымдастыру және техникалық шаралармен;

мәлімделіп отырған қызметті жүргізу қауіпсіздігіне кепілдік беретін инженерлік-техникалық қамтамасыз етумен (өндірістік кешендер, технологиялық учаскелер, қондырғылар, радиоактивті қалдықтар мен материалдарды орналастыру пункттері, мәлімделіп отырған қызмет жүзеге асырылуы мүмкін басқа да объектілер) ;

жұмыстардың сұратылған түрлері бойынша нормативтердің, нормативтік-анықтамалық және техникалық құжаттаманың жиынтығымен;

аумақтық органмен келісілген өндірістік мониторинг бағдарламаларымен;

санитарлық-эпидемиологиялық, тау-кен техникалық қадағалау мемлекеттік органдары мен өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын аумақтық орган қорытындыларымен;

су ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органның қорытындысымен жарақталған тиісті материалдық-техникалық және өндірістік базаның ;

3) денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қызметтердің ;

4) аумақтық органмен келісілген табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының;

5) уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаның ластануына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруы мүмкін аварияларды жою жоспарларының;

6) шекті жол берілген төгінділер, қоршаған ортаға әсерді бағалау нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындыларының ;

7) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің болуын қамтиды.

2-2. 1-2 қауіптілік сыныбындағы зиянды (ластаушы) заттардың атмосфераға шығарындыларымен бірге жүретін өндірістік процестерді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 2-2-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.05.18. N 423 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

Б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы :

1) тиісті жоғары білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс стажы немесе тиісті орта арнаулы білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар инженер-техник қызметкерлердің - жауапты о р ы н д а у ш ы л а р д ы ң ;

2) жұмыстардың түрлеріне байланысты:

біліктілік талаптарында көрсетілген жұмыстардың түрлері бойынша өлшемдер жүргізу құқығына техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган тіркеген не белгіленген тәртіппен тіркелген зертханаларда (орталықтарда) сынақтар жүргізу құқығына шарты бар зертханалармен (орталықтармен);

белгіленген тәртіппен тексерілген жұмыстарды жүзеге асырудың сапасын бақылауға арналған аспаптармен және жабдықпен;

шекті жол берілген шоғырланудан аспайтын деңгейлерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін технологиялармен, ұйымдастырушылық және техникалық ш а р а л а р м е н ;

жұмыстардың сұратылған түрлері бойынша нормативтердің, нормативтік-анықтамалық және техникалық құжаттаманың жиынтығымен;

аумақтық органмен келісілген өндірістік мониторинг бағдарламаларымен; санитарлық-эпидемиологиялық, тау-кен техникалық қадағалау мемлекеттік органдары мен өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын аумақтық орган қорытындыларымен жарақталған тиісті материалдық-техникалық және өндірістік базаның;

3) денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қ ы з м е т т е р д і ң ;

4) аумақтық органмен келісілген табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының;

5) уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаның ластануына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруы мүмкін аварияларды жою жоспарларының;

6) шекті жол берілген төгінділер мен қоршаған ортаға әсерді бағалау нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қ о р ы т ы н д ы л а р ы н ы ң ;

7) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің болуын қамтиды.

2-3. Озон қабатын бүлдіретін заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуді, сондай-ақ құрамында озон бүлдіретін заттары бар жабдықтарды жөндеуді, монтаждауды, оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 2-3-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.05.18. N 423 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

Б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы :

1) тиісті жоғары білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс стажы немесе тиісті орта арнаулы білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, техникалық пайдалануды қолдану ережелерін және қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексерісінен өткен, озон қабатын бүлдіретін заттармен жұмыс істеу құқығына рұқсаты бар инженер-техник қызметкерлердің - жауапты орындаушылардың;

2) құрамында озон қабатын бүлдіретін заттар бар жабдықтардың технологиялық регламенттері мен техникалық паспортының;

3) озон қабатын бүлдіретін заттарды алу және қайта өңдеу жөніндегі өндірістік-техникалық базаның, мамандандырылған өндірістік ғимараттардың, ж а б д ы қ т а р д ы ң ;

4) құрамында озон қабатын бүлдіретін заттар бар өнімдерді сақтауға арналған арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлар мен сыйымдылықтардың;

5) жабдықтарды пайдалануды, оларға техникалық қызмет көрсетуді, озон қабатын бүлдіретін заттарды есепке алу және тасымалдауды қамтамасыз ететін қ ы з м е т т е р д і ң ;

6) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің;

7) өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын аумақтық органның оң қорытындысының болуын қамтиды.

2-4. Озон қабатын бүлдіретін заттарды және олар құрамында бар өнімдерді Қазақстан Республикасына әкелуді және Қазақстан Республикасынан әкетуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 2-4-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.05.18. N 423 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

Б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы :

1) озон қабатын бүлдіретін заттарды және олар құрамында бар өнімдерді жеткізуге келісім-шарт, шарт көшірмелерінің;

2) озон қабатын бүлдіретін заттарды әкелудің болжалды көлемі мен олар

құрамында бар өнімдердің мөлшері (өрнегін, сауда және химиялық атауын, СЭҚ ТН сауда нөмірінің кодын, өнім әкелінетін елді көрсете отырып) туралы мәліметтердің;

3) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің;

4) өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын аумақтық органның оң қорытындысының болуын қамтиды.

2-5. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындаумен байланысты 1-3 қауіптілік сыныбындағы өндірістік қалдықтарды өндеуді, сақтауды және жоюды, трансшекаралық тасымалдауды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 2-5-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.05.18. N 423 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

Б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы :

1) тиісті жоғары білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс стажы немесе тиісті орта арнаулы білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар инженер-техник қызметкерлердің - жауапты орындаушылардың;

2) жұмыстардың түрлеріне байланысты:

біліктілік талаптарында көрсетілген жұмыстардың түрлері бойынша өлшемдер жүргізу құқығына техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган тіркеген не белгіленген тәртіппен тіркелген зертханаларда (орталықтарда) сынақтар жүргізу құқығына шарты бар зертханалармен (орталықтармен);

техникаға қызмет көрсететін қажетті паркпен, сондай-ақ оны ұстауға және сақтауға арналған өндіріс алаңдарымен;

белгіленген тәртіппен тексерілген жұмыстарды жүзеге асырудың сапасын бақылауға арналған аспаптармен және жабдықпен;

қолданыстағы нормалар мен ережелерде белгіленгендерден төмен емес радиациялық қауіпсіздік деңгейіне қол жеткізуді және оны ұстап тұруды қамтамасыз ететін технологиялармен, ұйымдастыру және техникалық шаралармен;

мәлімделіп отырған қызметті жүргізу қауіпсіздігіне кепілдік беретін инженерлік-техникалық қамтамасыз етумен (өндірістік кешендер, технологиялық учаскелер, қондырғылар, радиоактивті қалдықтар мен материалдарды орналастыру пункттері, мәлімделіп отырған қызмет жүзеге асырылуы мүмкін басқа да объектілер);

жұмыстардың сұратылған түрлері бойынша нормативтердің,

нормативтік-анықтамалық және техникалық құжаттаманың жиынтығымен; аумақтық органмен келісілген өндірістік мониторинг бағдарламаларымен; санитарлық-эпидемиологиялық, тау-кен техникалық қадағалау мемлекеттік органдары мен аумақтық органның өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын қорытындыларымен жарақталған тиісті материалдық-техникалық және өндірістік базаның;

3) денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қ ы з м е т т е р д і ң ;

4) аумақтық органмен келісілген табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының;

5) уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаның ластануына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруы мүмкін аварияларды жою жоспарларының;

6) зиянды (ластаушы) заттарды, өндірістік қауіпті қалдықтарды орналастыру, тасымалдау, тазалау және залалсыздандыру жөніндегі объектілердің және қ о н д ы р ғ ы л а р д ы ң ;

7) өндірістік қалдықтарды орналастыру (жобада көзделген), қоршаған ортаның өндірістік қалдықтармен ластануы деңгейін бағалау жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысының;

8) өндірістің қауіпті қалдықтарын сақтауға арналған паспорттардың болуын қ а м т и д ы .

Өндірістің қауіпті қалдықтарын трансшекаралық тасымалдау кезінде:

1) өндірістік қалдықтарды пайдалану, қолдану туралы мәліметтердің;

2) өндірістің қауіпті қалдықтарын тасымалдауға арналған лицензиялардың;

3) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің;

4) қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде қауіпті заттарды есепке алу туралы а қ п а р а т т а р д ы ң ;

5) өндірістің қауіпті қалдықтарын қабылдауға кәсіпорындармен, ұйымдармен жасалған келісім-шарттар көшірмелерінің болуын қамтиды;

9) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің;

2-6. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақтың шегіндегі кәсіпорындарды, құрылыстарды орналастыруды, салу мен қайта жаңартуды және өзге де объектілерді пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 2-6-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.05.18. N 423 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

Б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы :

1) тиісті жоғары білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс стажы немесе тиісті орта арнаулы білімі және мамандығы бойынша кемінде бес

жыл жұмыс стажы бар инженер-техник қызметкерлердің - жауапты орындаушылардың ;

2) жұмыстардың түрлеріне байланысты:

біліктілік талаптарында көрсетілген жұмыстардың түрлері бойынша өлшемдер жүргізу құқығына техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган тіркеген не белгіленген тәртіппен тіркелген зертханаларда (орталықтарда) сынақтар жүргізу құқығына шарты бар зертханалармен (орталықтармен);

техникаға қызмет көрсететін қажетті паркпен, сондай-ақ оны ұстауға және сақтауға арналған өндіріс алаңдарымен;

белгіленген тәртіппен тексерілген жұмыстарды жүзеге асырудың сапасын бақылауға арналған аспаптармен және жабдықпен;

қолданыстағы нормалар мен ережелерде белгіленгендерден төмен емес қауіпсіздік деңгейіне қол жеткізуді және оны ұстап тұруды қамтамасыз ететін технологиялармен, ұйымдастыру және техникалық шаралармен;

мәлімделіп отырған қызметті жүргізу қауіпсіздігіне кепілдік беретін инженерлік-техникалық қамтамасыз етумен (өндірістік кешендер, технологиялық учаскелер, қондырғылар, қалдықтар мен материалдарды орналастыру пункттері, мәлімделіп отырған қызмет жүзеге асырылуы мүмкін басқа да объектілер);

жұмыстардың сұратылған түрлері бойынша нормативтердің, нормативтік-анықтамалық және техникалық құжаттаманың жиынтығымен;

аумақтық органмен келісілген өндірістік мониторинг бағдарламаларымен;

санитарлық-эпидемиологиялық, тау-кен техникалық қадағалау мемлекеттік органдары мен өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін, растайтын аумақтық орган қорытындыларымен;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның қорытындыларымен жарақталған тиісті материалдық-техникалық және өндірістік базаның ;

3) денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қызметтердің ;

4) шекті жол берілген шығарындылар, шекті жол берілген төгінділер, қоршаған ортаға әсерді бағалау нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындыларының;

5) аумақтық органмен келісілген табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының;

6) уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаның ластануына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруы мүмкін аварияларды жою жоспарларының;

7) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің болуын қамтиды.

2-7. Қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізетін химиялық және биологиялық заттар өндіруді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 2-7-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 340 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.05.18. N 423 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

Б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы :

1) тиісті жоғары білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс стажы немесе тиісті орта арнаулы білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар инженер-техник қызметкерлердің - жауапты о р ы н д а у ш ы л а р д ы ң ;

2) жұмыстардың түрлеріне байланысты:

біліктілік талаптарында көрсетілген жұмыстардың түрлері бойынша өлшемдер жүргізу құқығына техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган тіркеген не белгіленген тәртіппен тіркелген зертханаларда (орталықтарда) сынақтар жүргізу құқығына шарты бар зертханалармен (орталықтармен);

техникаға қызмет көрсететін қажетті паркпен, сондай-ақ оны ұстауға және сақтауға арналған өндіріс алаңдарымен;

белгіленген тәртіппен тексерілген жұмыстарды жүзеге асырудың сапасын бақылауға арналған аспаптармен және жабдықпен;

қолданыстағы нормалар мен ережелерде белгіленгендерден төмен емес қауіпсіздік деңгейіне қол жеткізуді және оны ұстап тұруды қамтамасыз ететін технологиялармен, ұйымдастыру және техникалық шаралармен;

мәлімделіп отырған қызметті жүргізу қауіпсіздігіне кепілдік беретін инженерлік-техникалық қамтамасыз етумен (өндірістік кешендер, технологиялық учаскелер, қондырғылар, қалдықтар мен материалдарды орналастыру пункттері, мәлімделіп отырған қызмет жүзеге асырылуы мүмкін басқа да объектілер);

жұмыстардың сұратылған түрлері бойынша нормативтердің, нормативтік-анықтамалық және техникалық құжаттаманың жиынтығымен;

аумақтық органмен келісілген өндірістік мониторинг бағдарламаларымен; санитарлық-эпидемиологиялық, тау-кен техникалық қадағалау мемлекеттік органдары мен аумақтық органның өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын қорытындыларымен жарақталған тиісті материалдық-техникалық және өндірістік базаның;

3) денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қ ы з м е т т е р д і ң ;

4) аумақтық органмен келісілген табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының;

5) уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаның ластануына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруы мүмкін аварияларды жою жоспарларының;

6) химиялық және биологиялық заттарды өндіру жөніндегі жобаларға мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындыларының;

7) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің болуын қамтиды.

3. Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия алу үшін қажетті құжаттар

6. Лицензия алу үшін өтініш беруші лицензиарға:

1) нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін белгіленген үлгідегі өтінішті;

2) заңды немесе жеке тұлға туралы мәліметтер - заңды тұлға үшін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің немесе заңды тұлға құрмай жұмыс істеуші жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесін;

3) өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ;

4) бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжатты тапсырады .

7. Егер заңнамалық кесімдерде өзгеше белгіленбесе, барлық құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап лицензия бір ай мерзімнен кешіктірілмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін он күн мерзімнен кешіктірілмей беріледі.

8. Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына бюджетке лицензиялық алым төлеудің ставкаларын, есептеу мен төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалады.

4. Лицензиялар беру тәртібі мен шарттары

9. Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияны қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган біліктілік деңгейі осы қызмет түріне қойылатын талаптарға сай субъектіге береді .

10. Лицензия қатаң есеп беру құжаты болып табылады әрі мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данада ресімделеді.

11. Жеке тұлғаның тегі, есімі, әкесінің есімі өзгерген жағдайда ол бұл туралы көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса беріп, бір ай мерзімде лицензиарға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

12. Атауы (Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оның ішінде ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерсе) өзгерген, заңды тұлғаның орналасқан жері өзгерген (егер ол лицензияда көрсетілсе) жағдайда ол бір ай ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса беріп, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

Лицензияны қайта ресімдеу лицензиат өтініші тіркелген күннен бастап он күн

ішінде жүргізіледі. Лицензияны қайта ресімдегені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде лицензиялық алым алынады.

13. Лицензия жоғалған жағдайда лицензиат оның телнұсқасын алуға құқылы. Лицензиар лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша лицензия телнұсқасын беруді он күн ішінде жүргізеді. Бұл ретте лицензиат қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төлейді.

14. Егер:

1) субъектілердің осы санаты үшін заңнамалық кесімдермен қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға тыйым салынса;

2) осы Ереженің 6-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттар түгел тапсырылмаса. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойса, өтініші жалпы негіздерде қаралады;

3) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым енгізілмесе;

4) өтініш беруші белгіленген біліктілік талаптарына сай келмесе;

5) өтініш берушіге қатысты оған осы қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын сот шешімі болса, лицензия берілмейді.

Лицензия беруден бас тартылған кезде өтініш берушіге лицензия беру үшін белгіленген мерзімде жазбаша түрде уәжді жауап беріледі.

15. Мынадай:

1) лицензиядағы талаптарды лицензиат орындамаған;

2) лицензияда белгіленген қызмет түрін лицензиаттың жүзеге асыруына сот тыйым салған;

3) лицензиар лицензияның қолданылуын тоқта тұрған себептер жойылмаған;

4) лицензия алу кезінде лицензиат көпе-көрінеу жалған ақпарат берген жағдайларда лицензия қайтарып алынуы мүмкін.

16. Лицензиар себептерін көрсетіп, лицензияның қолданылуын алты ай мерзімге дейін тоқтата тұрады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін лицензияның қолданылуын тоқтата тұруды сот лицензиардың, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініші бойынша жүргізеді.

Лицензиат лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімге сот тәртібімен шағым беруге құқылы. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұрудың орындылығы туралы сот шешімі болған кезде оның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі лицензиар осындай шешімді қабылдаған күннен бастап есептеледі.

Олар бойынша лицензияның қолданылуы тоқтата тұрылған себептер жойылғаннан кейін лицензия қолданылуы жаңартылады.

17. Мынадай:

- 1) лицензия берілген мерзім аяқталған;
- 2) лицензия жүзеге асыруға берілген іс-әрекет толық көлемде жасалған;
- 3) лицензия қайтарылған;
- 4) заңды тұлға оның бір түрінен екінші түріне қайта құрылған (ұйымдық құқықтық нысаны өзгерген) жағдайларды қоспағанда, лицензия беру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес белгіленетін жағдайлардан басқа, азамат кәсіпкерлік қызметі тоқтатқан, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда;
- 5) лицензия лицензиарға өз еркімен қайтарылған жағдайда лицензия күшін тоқтатады.

5. Есепке алу және бақылау

18. Лицензияларды есепке алуды, сондай-ақ лицензия ережелерін сақталуын лицензиар жүзеге асырады.

Біліктілік талаптары мен белгіленген ережелердің сақталуын лицензиар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

6. Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік

19. Мемлекеттік органдар (лицензиарлар) мен олардың лауазымды адамдары лицензиялау туралы заңнаманы бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген жауапкершілікке тартылады.